

## Қазақстан Республикасының Халықаралық Архивтер кеңесіне мүшелігі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 маусым 1994 ж. N 728

*Ескерту. Қаулының мәтінінен сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.*

*N 1 0 3 1 қ а у л ы с ы м е н .*

Қазақстан Республикасының Халықаралық архивтер кеңесіне кіруіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне Халықаралық архивтер кеңесінде архив істері мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының атынан сөйлеу құқы беріліп, ХАҚ Жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының оның мүшесі болуына туындайтын міндеттерді орындау үшін тиісті ө к і л е т т і к т е р б е р і л с і н .

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 615 қ а у л ы с ы м е н .*

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Халықаралық архивтер кеңесі мен оның органдарындағы қызметін қамтамасыз ету үшін жыл сайын қажетті қаржы, оның ішінде валюта қ а р ж ы с ы н б ө л у д і к ө з д е с і н .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 615 қ а у л ы с ы м е н .*

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Халықаралық архивтер кеңесі мен оның органдары шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы жылына кемінде бір рет ақпар б е р і п о т ы р с ы н .

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 615 қаулысымен.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі